

Бекітілді
№10 «Құлыншақ» бөбекжай- бақшасы
менгерушісі Р. Ұ. Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.09.2021 жыл



**«Шығармашылық» білім саласы
«Биле-биле, балақай!» вариативтік компонентінің
2021-2022 оқу жылы ортанғы топтарға арналған
жылдық перспективалық жоспары**

Вариативтік компонент «Биле,биле балақай!»

Түсіндірме жазба

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасы) және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрылды. Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасалды. Оқу жоспары балабақшаның 2021 жылғы 8 қыркүйекте өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып, бекітілді.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонентті балалардың жас шамасын ескере отырып, олардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Биле,биле балақай» атты жұмыс күннің II жартысында ұйымдастырылып жүргізіледі. Жылына 36 сағат, аптасына 1 сағаттан өткізіледі. Би шығармашылығы-әлемді көркемдік тұрғыдан танудағы көркем өнердің ең көне түрлерінің бірі. Би өнерінің балабақшада балаларды өнерге баулып, оларға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор. Ол баланы музыка тыңдауға, ырғақты сезініп, мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп, дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады. Мектеп жасына дейінгі хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар, жақсы есте сақтау, зейін, ұшқыр қиялмен ерекшеленеді. Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге де қомақты әсерін тигізеді.

Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайта отырып, ой –өрісін, білім деңгейін жетілдіру, көңіл күйін көтеру, музыкалық ырғаққа сай, дене қимылын дамыту. Сұлулық, сымбаттылық келбеттерін қалыптастыру. Достық қарым қатынасқа баулиды

Міндеті: Бала денсаулығын нығайтуды, музыкалық ырғақты, қарқынды сезінуді, биді мәнерлеп орындауды, олардың жекелеген элементтерін меңгеруді іске асырады.

Күтілетін нәтиже: Би іс-әрекеті үстінде әр бала бидің бар қимылын орындап қоймай, биге қызығушылығын ынталандыра, музыка ырғағына сәйкес, мәнерлі көрсетуді игереді.

Қыркүйек

Апта	Мақсаты	Музыкалық – ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
1	Балаларға би үстінде кеңістікті бағдарлап, тепе-теңдік сақтауды үйрету. Әуенді сезініп, би қимылдарын әуенге сай мәнерлеп орындауға дағдыландыру.	Жаттығу. Марш, аяқтың ұшымен жүру, қос аяқпен секіру. Бас, иық, бел, аяққа арналған қимылдар	«Айна, қошқар мүйіз» би қимылдары.	Қазақ биі «Еркем-ай»	Би-жаттығу Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Би қимылдарын үйрету Қимылды өзбеттерімен орындау
2	Балалардың әсем әуен арқылы биге деген қызығушылық сезімдерін оята отырып, балаларға үйренген би қимылдарын қайталатып, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Көңілді сезімдерін әдемі жеткізе білуге үйрету.	Жаттығу: Марш, аяқтың өкшесімен жүру, табанның ішкі-сыртқы қырымен жүру.	«Толқын, айна қимылдарымен дене қозғалыстары	«Еркем-ай» биі	Д/ ойын: « Әуенге сәйкес қозғал» Би-жаттығу: «Мысық»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың орындауы Балалардың қайталауы
3	Балалардың музыкалық қабілетін дамытып, би қимылдары арқылы денені еркін қозғалта білу шеберліктерін дамыту. Музыкалық ырғақты қимылдарды әуенге сай орындатуға дағдыландыру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру, қос аяқпен секіру.	Бір қатармен тізбектеліп, тізені бүгіп жүру. Қолмен аяқты еркін қозғалту.	«Аяқпенен топ-топ» биі	Д/ ойын: «Ұшты-ұшты» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Биді көрсету Жеке жұмыс
4	Балалардың биге қызуғышылығын арттырып, биді сезіммен жеткізуге дамыту. Би элементтерін қайталата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Жаттығу: Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Ырғақты секіру. Аңдардың жүрісін орындау.	Биді орындау кезінде жеңіл айналуға, ара-қашықтықты сақтау	«Аяқпенен топ-топ» биі	Д/ойын: «Кел билейік» Тынығу жаттығу.	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Биді үйрету Биді өзбеттерімен орындау

Қазан

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
5	«Сары жапырақтар» биінің әуенін тыңдатып, қимылдарын көрсетіп, табиғат сұлулығын би арқылы сезіммен жеткізуге үйрету. Би элементтерін қайталата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Жаттығулар: марш, аяқтың ұшымен жүру, тізе бүгіп жүру, жанымен жүгіру, аяқтың өкшесімен жүру.	Балаларға «Сары жапырақтар» биін билеу кезінде жеңіл айналуға, шеңберде ара-қашықтықты сақтауға үйрету.	«Сары жапырақтар» биі	Д/ойын: «Жаңбыр мен күн» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Би қимылдарын үйрету Қайталау
6	Көңілді әуен тыңдата отырып, әдемі қимылдар арқылы, әуенмен қозғала билеуін, іс-қимылын көрсете білуін қадағалау. Жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, ырғақты секіру, өкшемен жүру, айнала секіру.	«Сары жапырақтар» биінің аяқ қимылдары мен дене қозғалысын көрсетіп үйрету.	«Сары жапырақтар» биі	Релаксация Д/ойын: «Қимылды қайтала»	Ырғақты жаттығу Әуеннің характерін ажырату Биді хореографтың орындауы Өзбеттерінше орындау
7	Балалардың би қимыл-қозғалыстарын дамыта отырып, шапшаңдыққа үйрету. Биге құштарлықтарын ояту. Қимыл қозғалыс белсендіктерін арттыру.	Жаттығулар: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Бас, иық бел орындарында айналу, секіру қимылдарын орындау.	Балаларға «Көкөністер» биінің қол мен аяқ, дене қозғалысын үйрету	«Көкөністер биі»	Д/ойын: «Қолшатыр» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығулар Әуенді тыңдау Би қимылдарын үйрету Балалардың орындауы
8	Балаларға үйренген би қимылдарын қайталатып, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Көңілді сезімдерін әдемі жеткізе білуге үйрету. Музыкалық ырғақты қимылдарды әуенге сай орындатуға дағдыландыру.	Жаттығулар: Марш, аяқты ұшымен, өкшемен жүру. Жанымен жүгіру.	«Көкөністер» биінің қол аяқ қимылдарын нақышына келтіріп орындау.	«Көкөністер» биі	Д/ойын: «Қимылды қайтала»	Ырғақты жаттығу Әуеннің характерін ажырату Қимылды балаларға үйрету Биді өзбетімен орындау

Қараша

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
9	Балаларға жәндіктер туралы мағұлмат бере отырып, әсемдікке баулу.Би қимылдарын нақты орындау шеберліктерін арттыру.Үйренген би қимылдарын толықтыру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Жәй жүгіру, орындарында айналу.Бас, бел, иық , аяқ қимылдарын орындау.	Балаларға «Аралар» биінің аяқ қимылдарымен, дене қозғалысын көрсету. Аралардың мінез-құлқына сәйкес қимыл-әрекет жасау.	«Саңырауқұлақтар» биі	Д/ойын: «Қай әуен» Релаксация күзгі орман дыбысын тыңдау	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Қимылды балаларға үйрету Балалардың өзбеттерінше орындауы
10	Бидің қозғалыстарын дамытып, бидегі негізгі элементтерді мәнерлі, көңілді, ырғақты сезініп, әуеннің мазмұнына сәйкес орындауға баулу.Балалардың биге қызығушылығын арттыру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Табанның ішкі-қырымен жүру.Қос аяқпен секіру.	Балаларға би қимылдары мен дене қозғалыстарын үйрету.	«Саңырауқұлақтар» биі	Д/ойын: «Қимылды қайтала» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді орындауы Балалардың қимылдарды өзбетінше орындауы
11	Балаларды классикалық қалыптармен таныстыру.Сымбатты сұлу мүсінін қалыптастыру. «Плие қимылын орындау». Балаларды илгіштікке баулу.	Жаттығу:Тізені биікке көтеріп жүру.Қос аяқпен секіру.Табанның ішкі,сыртқы қырымен жүру.Жанымен жүру.	Классикалық әуенге 1 қалыпты плие қимылы арқылы орындау.	«Классикалық қалып»	Д/ойын: «Орныңды тап» Тынығужаттығу.	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Плие қимылын орындау Қол позициясы
12	Балалардың шығармашылық қабілетін арттыра отырып,кеңістікті бағдарлай білуге, реттік қатарда дұрыс жүре білу әрекеттерін дамыту.	Жаттығу: Марш, басқа, иыққа,аяққа арналған қимылдарын орындау. Ырғақты секіру.	Қол буындарына, саусақтарға арналған қимылдар.Дайындық позициясы.	«Классикалық қалып»	Релаксация Д/ойын: «Ескерткіш»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау. Хореографтың биді көрсетуі Өзбетінше орындауы

Желтоқсан

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
13	Балалардың көңіл-күйін көтеріп,бидің мазмұнын аша білуге үйрету.Тепе-теңдік сақтау.Балаларға дербес,өзбеттерімен биді орындауын талап ету.	Жаттығу: Марш,аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Қос аяқпен секіру.Орындарында айналу.	Қол, аяқ, бас қимылдарын дене қозғалыстарын үйрету.	«Ойыншық» биі	Релаксация Д/ойын: «Жұбыңды тап»	Ырғақты жатығу Әуенді тыңдау Қимылды балаларға үйрету Жеке жұмыс
14	«Ойыншық» биін балаларға еркін меңгерте отырып,бидің мінезін аша білуге дағдыландыру.Кеңістікте дұрыс орналасуға, қақтығыспай нұсқауды дәл орындауға үйрету.	Жаттығу: Аңдардың жүрістерін орындау.Тізені бүгіп жүру.	Түзу жүру.Оңға, солға айналу.Шеңбер бойымен жүру, жүгіру.	«Ойыншық» биі	Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда» Тынығу жаттығу.	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Педагогтың биді көрсетуі Балалардың орындауы
15	Балаларға әсем әуен арқылы биге деген қызығушылық оята отырып, көңіл-күйін көтеру.Аяқ қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып би қимылын еркін сипаттай білуге үйрету.	Жаттығу: Марш,аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру,жүгіру.Аяқтың сыртқы,ішкі қырымен жүру.	Шеңбер бойымен арақашықтық сақтап жүру.Би қимылдарын үйрету.	«Күлдіргендер» биі	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Педагогтың көрсетуі Балалардың орындауы
16	Балаларды биді түсініп қабылдау талғампаздығына тәрбиелеу, эстетикалық сезімталдығын қалыптастыру. Бидің әуенін сезініп ырғақпен қимылдар орындау.	Жаттығу: марш, аяқтың ұшымен,өкшемен жүру, жүгіру.Бас,иық бел, аяқ қимылдар орындау.	Шеңбер бойымен жұптасып жүру.Арақашықтықты сақтауды үйрету.	«Күлдіргендер»биі биі	Д/ойын: «Қимылды қайтала» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Қимылды үйрету Балалардың әуенге қосылып орындауы

Қаңтар

Апта	Мақсаты	Музыкалық ырғықты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
17	Кеңістікте дұрыс орналасуға, қақтығыспай нұсқауды орындауға үйрету.Балалардың биге қызығушылығын оятып, шығармашылығын арттыру.	Жаттығу:Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Қос аяқпен секіру. Аңдардың жүрісін орындау.	Аяқтың ұшын көтеру, Қолды екі жанына ұстау	«Қыс қызығы» биі	Релаксация Д/ойын:» «Аңдардың жүрісі»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Педагогтың биді көрсетуі Балалардың өзбеттерінше орындау.
18	Қыс туралы мағұлмат беру. Бидің ырғағымен танысып,бұлшық еттерін ырғақты қозғалысқа келтіру. Тепе-теңдікті сақтау.Қимылдарды қимылға сай орындау.	Жаттығу: марш аяқтың ұшымен,өкшемен жүру, жүгіру.	Тізені бүгіп, аяқтың ұшын созу.Аяқ, қол, бас қимылдары мен дене қозғалысын үйрену.	«Қыс қызығы» биі	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Хореографтың орындауы Қол қимылдары
19	Биді балаларға еркін меңгерту арқылы, бидің мінезіне сәйкес қимылдауға жаттықтыру.Музыканы тыңдап, балалардың көңіл-күйін көтеру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Табанның сыртқы –ішкі қырымен жүру.Бір қырымен қозғалу.	Бір орында айналу, шеңбер бойымен тізені көтеріп секіру.	«Көңілді полька» биі	Релаксация Д/ойын:» Жұбынды тап»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Биді топпен орындау Аяқтың қимылдары
20	Балаларды шапшаңдыққа, төзімділікке,иілгіштікке, әсемдікке тәрбиелеу. Денені тік ұстап,өкшені біріктіруге үйрету, сымбатты дене мүсінін қалыптастыру.	Жаттығу: Марш,тізені бүгіп жүру.Аңдардың жүрісін(аю, түлкі,қоян) жүру.	Қолды жанына созу,екі жанына теңселу. Негізгі қимылын орындау.	«Көңілді полька биі»	Релаксация Тынығужаттығу	Ырғақты жаттығу Әуененнің характерін ажырату Биді үйрену Балалардың биді әуенге қосылып орындауы.

Ақпан

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
21	Балалардың биге қызығушылығын арттырып, би әуенімен қозғала билеуге, әдемілікке баулу. Билеу кезінде өзін жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Қос аяқпен секіру	Денені тік ұстап, аяқтың ұшын созу. екі жанына теңселу	«Көңілді шар» биі	Релаксация Тынығу жатығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың орындауы Қимылды әуенге сай орындау
22	Балаларды жаңа бидің әуенімен таныстырып, әуенді сезініп ырғақпен билеуге үйрету. Дене келбетінің сымбатты болуын қадағалау	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Бір жанымен жүгіру.	Шеңбер бойымен айналу. Қолдарын жоғары созу.	«Көңілді шар» биі	Д/ойын: «Әуенді ажырат» Тынығу жатт	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Би қимылдарын үйрену Өзбеттерінше орындау
23	Балаларды би қимылдарымен таныстырып, тепе – теңдік сақтауға, кеңістікті дұрыс пайдалана білуге үйрету. Биді нақышына келтіре отырып мәнерлі орындау.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Қолдарын алма-кезек жоғары созу.	Тізені бүгіп, аяқты еркін қозғалту. Оң жағына және солға қарай шатаспай айналу	«Қысқы өрнектер аяз» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуеннің мазмұнын ажырату Педагогтың биді орындауы Балдардың өзбеттерімен орындауы
24	Балаларды жылдамдықты, шапшаңдықты, арақашықтықты сақтауға үйрету. Балалардың биге қызығушылығын арттыру. Биді музыка ырғағына, әуеннің мазмұнына сәйкес орындау.	Жаттығу: Марш, табанның ішкі, сыртқы қырымен жүру. Қос аяқпен секіру.	Қолдың негізгі қимылдары. «Ковырялочка, друп» қимылдары	«Қысқы өрнектер аяз» биі	Релаксация Д/ойын: «Жұбыңды тап»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Қимылды балаларға үйрету Топпен биді орындау

Наурыз

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
25	Балалардың би қимыл-қозғалыстарын дамыта отырып, әуенді сезініп, ырғаққа сай мәнерлі билеуге үйрету. Сымбатты дене мүсінін қалыптастыру.	Жаттығу: Марш ,аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Бір жанымен жүгіру.	Негізгі қимыл, Сол жанына ,оң жанына айналу. Оңға-солға шалқаю.	«Кішкентай күшіктер» биі	Релаксация Д/ойын: «Аңдардың жүрісі»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Биді әуенге қосылып орындау
26	Мәнерлеп билеу шеберліктерін арттыра отырып,кеңістікте қақтығыспай,шатаспай биді көтеріңкі көңіл күймен қуанышты орындауға дағдыландыру.	Жаттығу: Тізені биікке көтеріп жүру.Тізені бүгіп жүру.Шоқырақтап жүру.	Қолды жоғары созу. қимылы.Қолдарын жоғары көтеріп сермейді.	«Кішкентай күшіктер» биі	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Биді үйрету Әуенге қосылып орындау
27	Биге қызығушылықтарын арттырып,музыкалық қабілетін дамытып,би қимылдарын денені еркін қозғалта орындау.Бидегі орынын шатаспай табу.	Жаттығу:Марш, аяқтың ұшын созып, адымдай жүру.Қос аяқпен секіру. Екі жанына жеңіл айналу.	Шеңберде екі жанына теңселу. Бір орындарында айналу.	«Гүлдер вальсі»	Тыныс алу жаттығу Ойын жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Қимылды балаларға үйрету Өзбеттерінше орындау
28	Арақашықтық, тепе – теңдікті сақтап, кеңістікте қақтығыспай би қимылдарын нақышына келтіре мәнерлеп орындау.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен жүгіру.Аяқты алмастыра секіру.Бір жанымен жүру.	Шеңберде жұппен қозғалу. «Қайық» қимылы.	«Гүлдер вальсі»	Релаксация. Д/ойын: «Жұбыңды тап»	Ырғақты жаттығу Әуеннің ырғағын ажырату. Хореографтың биді көрсетуі Әуенге қосылып биді орындау

Сәуір

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация. Ойын	Іс-әрекет технологиясы
29	Балаларға әуенді сезініп,ырғақпен билеуге,қимылдарды нақты орындау шеберліктерін арттыруға үйрету.	Жаттығу: Марш,аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Қос аяқпен секіру.	Екі қатармен шеңбер бойымен жүру. «Полька» адымы.	«Көңілді күн» биі	Д/ойын: «Жаңбыр мен күн» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді орындауы Биді әуенмен билеу.
30	Балалардың биге қызығушылығын арттырып,көңіл-күйін көтеру. Биді үйрету арқылы эстетикалық талғаммен қатар, баланың физиологиялық дамуын жақсартуға мүмкіндік беру.	Жаттығу: Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру,жүгіру.Аңдардың жүрісін орындау.	Аяқтарын оңға-солға созып,тізе бүгеді.Қолдарын солдан оңға қарай көтереді.	«Көңілді күн» биі.	Релаксация Би жаттығу: «Мысық»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Би қимылдары Балалардың орындауы
31	Би қимыл-қозғалыстарын дамытып,орындау шеберлік белсенділігін арттыру.Көктем мезгілінің құбылыстары туралы мағұлмат беру.	Жаттығу:Марш, тізені биікке көтеріп жүру. Шеңбер бойымен екі жанымен алма-кезек жүру.	Қолшатырды жоғары созу.Аяқтың ұшымен екі жанына теңселу. Орындарында айналу.	«Тамшылар» биі	Релаксация Д/ойын: «Қимылды қайтала»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Әуенге қосылып билеу
32	Балаларды әсемділікке, әдемілікке, сымбаттылыққа тәрбиелеп, эстетикалық талғамдығын дамыту.Кеңістікте дұрыс орналаса білуге,өз орындарын шатаспай табуға дағдыландыру.	Жаттығу:Марш,аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру, жүгіру.Қос аяқпен секіру.	Аяқтың ұшын созу. Қолдарын жоғары созу.	«Тамшылар» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Биді балаларға үйрету Топпен биді орындау.

Мамыр

Апта	Мақсаты	Музыкалық -ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация Ойын	Іс-әрекет технологиясы
33	Балаларға биді еркін меңгерте отырып, бидің мінезін аша білуге үйрету. Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін дамытып,биді нақышына келтіре орындауға, шапшаңдыққа үйрету.	Жаттығу: Марш.Аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру, жүгіру.Қос аяқпен секіру,бір жанымен жүру.	Түзу тұру.Оң тізелерін жартылай бүгу.Аяқты артқа айқастыру.	«Тентегім» биі	Релаксация Д/ойын: «Жұбыңды тап»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді орындауы Қимылды үйрену
34	Балалардың көңіл-күйін көтеріп, биге деген қызығушылығын арттыру.Түрлі ырғақты қимылдарды мәнерлі билеуге үйрету.Аяқтың,белдің,қолдың сәнді қозғалуын қадағалау.	Жаттығу: Марш, Қолымызды жанымызға созып, жоғары созып жүру.	Допты жоғары, екі жанына созу.Бір жанына айналып, допты жоғары созу.	«Тентегім» биі.	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Қимылды әуенге сай орындау Әуенге қосылып билеу
35	Бидегі бейнелерді қимылмен әдемі орындай білуге үйрету.Биге тұрақты ынтаны және сезімдік ықыласын, сүйіспеншілікті тәрбиелеу.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Бас, аяқ, бел қимылдары.	Дөңгелене айналып, шеңбердің ішіне қарай келіп, малдас құру.	«Күнбағыс» биі	Релаксация Д/ ойын: «Қимылды қайтала»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Би қимылдарын үйрету Қайталау
36	Музыканың ырғағын сезініп, би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету. Әуендегі көңіл-күйді сипаттап,биге қызығушылығын арттыру.	Жаттығу:Марш,аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Табанның сыртқы, ішкі қырымен жүру.	Атпен шабу қимылы. Қамшыны қозғалту.	«Күнбағыс» биі	Тыныс алу жаттығу Д/ойын: «Жұбыңды тап»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Әуенге қосылып билеу